

Бастапқы әскери дайындық туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің шешімі 1997 жылғы 29 қыркүйектегі N 214 Павлодар облысының әділет басқармасында 1998.01.19. N 22 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы қарашаның 1-дегі "Бастапқы әскери дайындық туралы" N 1340 P961340_ Қаулысын орындау үшін, жастарды әскери қызметке сапалы даярлау мақсатында ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. 1997-1998 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін, кәсіптік- техникалық мектептерде және барлық үлгідегі орта арнаулы оқу орындарында жастарды бастапқы әскери дайындық жалпы білім беретін мектептердің 9-10-11 сыныптарында, кәсіптік-техникалық мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында, олардың бағыныштылығына және меншік түрлеріне қарамастан, кейін жастарды қорғаныс-спорт сауықтыру лагерьлерінде өтетін дала жағдайында даярлау жаттықтыруларға қатыстырып, өткізілетіні белгіленсін.

Оқу орындарында әскери даярлықтан өтпеген әскерге шақырылатын жастағы жігіттер жедел әскери қызметке шақыру алдында оқу пункттерінде оқуға қ а т ы с т ы р ы л а т ы н б о л с ы н .

2. Облыстың қалалары мен аудандардың әкімдері:

- қорғаныс-спорт сауықтыру лагерьлерін және бастапқы әскери дайындық жөніндегі оқу пункттерін құрып, олардың жұмысын ұйымдастырсын, оларды жергілікті бюджеттер қаржысы есебінен материалдық-техникалық, кадрлар және қаржы жағынан қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданатын болсын;

- атқарушы органдардың штаттарына әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақырылатын жастағы жігіттермен жұмыс жүргізетін маман-қорғанысспорт сауықтыру лагерінің бастығы лауазымын қызметкерлердің штаттық құрамы шеңберінде е н г і з е т і н б о л с ы н ;

- ауданның /қаланың/ оқу орындарында бастапқы әскери дайындық жұмыстарының оқу-материалдық негізін қалпына келтіру жөнінде шаралар қ о л д а н а т ы н б о л с ы н .

3. Облыстық білім департаменті /Ахметова/, оқу орындарының басшылары, бағыныштылығына және меншік түрлеріне қарамастан:

- оқушыларды бастапқы әскери даярлау және әскери-патриоттық тәрбиелеу

жұмыстарын ұйымдастырып, оған басшылық жасауды қамтамасыз ететін болсын ;

- бастапқы әскери дайындық жөніндегі қажетті оқу-материалдық қор құрсын;
- оқу орындарының штатына бастапқы әскери дайындықты ұйымдастырушы-оқытушы лауазымын енгізісін;

- әскери комиссариаттармен бірлесе отырып оқу орындарына бастапқы әскери дайындықты ұйымдастырушы-оқытушыларды іріктеп таңдауды қамтамасыз етіп, оларды әдістемелік жағынан даярлау жұмысын ұйымдастырсын ;

- бастапқы әскери дайындықтан өтетін жігіттермен дала жағдайында жаттықтыру сабақтарын /жиналуларын/ ұйымдастырып өткізетін болсын;

- облыстық білім департаментінің және қалалық /аудандық/ білім беру бөлімдерінің штаттарына әскер жасына дейінгі және әскерге шақырылатын жастағы жастарды бастапқы әскери даярлау жұмысын үйлестіріп бақылайтын маманның лауазымын қызметкерлердің штаттық саны шеңберінде енгізетін болсын .

4. Төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық басқарма /Сержанов/ адамның өмір сүру қауіпсіздігінің және дәрігерлік-санитарлық дайындық негіздері жөнінде жастарды оқыту жұмысын ұйымдастырып, оған басшылық жасауды қамтамасыз ететін болсын .

5. Облыстық денсаулық сақтау департаменті /Орағалиев/:

- дәрігерлік-санитарлық дайындық жөніндегі оқытушыларды іріктеп даярлауды қамтамасыз ететін болсын;

- оқушылармен тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін оқу орындарына емдеу мекемелерін бекітетін болсын;

- дәрігерлік-санитарлық дайындық жөніндегі сабақтар барысына бақылау жасайтын болсын .

6. Облыстық жастар істері, туризм және спорт жөніндегі басқарма /Мамашев/ әскер жасына дейінгі және әскерге шақырылатын жастағы жігіттердің дене шынықтыру даярлығына және патриоттық тәрбиесіне басшылық және бақылау жасауды ұйымдастыратын болсын .

7. Облыстық әскери комиссариат /Хомяк/;

- жастарды бастапқы әскери даярлау жұмысын ұйымдастыруға, өткізуге және оның қорытындыларына бақылау жасауды қамтамасыз етіп, оқу үрдісін әдістемелік жағынан қамтамасыз ететін болсын;

- білім департаментімен бірлесе отырып оқу орындарының бастапқы әскери дайындықты ұйымдастырушы-оқытушыларының, оқу пункттерінің штаттан тыс бастықтарының, тәрбие жұмысы жөніндегі олардың орынбасарларының және нұсқаушыларының лауазымдарына кандидаттарды іріктеу жұмысын өткізетін

б о л с ы н ;

- бастапқы әскери дайындықты ұйымдастырушы-оқытушылармен үш күндік оқуәдістемелік оқуларын және бір күндік әдістемелік сабақтарын ұйымдастырып ө т к і з е т і н б о л с ы н :

- білім беру органдарымен бірлесе отырып бастапқы әскери даярлықтан өтетін жігіттерді қорғаныс-спорт сауықтыру лагерьлерінде дала жағдайында жаттықтыруға жинауды жоспарлап, ұйымдастыратын;

- оқыту пункттерінде оқыту үшін жігіттерді жинап, олардың даярлығына бақылау жасауды ұйымдастыратын болсын.

8. Жастарды әскери қызметке даярлау жұмысын өткізуді үйлестіру және бақылау үшін облыс әкімі аппаратының штатына қызметкерлердің штаттық саны шеңберінде әскер жасына дейінгі және әскерге шақырылатын жастағы жігіттермен жұмыс жөніндегі маманның лауазымы енгізілсін.

9. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімі аппараты әлеуметтік-мәдени бөліміне және облыстық әскери комиссарға жүктелсін.

О б л ы с ә к і м і